

Халықаралық қатысумен өткен
«Жоғары технологиялар дәуіріндегі зертханалық диагностика және клиникалық практика: тәжірибе мен перспективалар»
ғылыми-практикалық конференциясының
ҚОРЫТЫНДЫ РЕЗОЛЮЦИЯСЫ
(2025 жылғы 24 қазан, Астана қ.)

Ұйымдастырушылар:

«Қазақстан Медициналық Зертханалары Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі, оған КДЛ ОЛИМП, INVITRO, INVIVO және басқа да жетекші жеке зертханалар кіреді; «Астана медицина университеті» КеАҚ.

Конференцияның мақсаты:

Зертханалық және клиникалық диагностика саласындағы білім мен жетістіктерді ұлттық және халықаралық деңгейде алмасу, заманауи зертханалық диагностика әдістерін таныстыру және енгізу, кадрлық әлеуетті дамыту және диагностика саласындағы білім беру бағдарламаларын жетілдіру. Заманауи зертханалық диагностика жетістіктерін клиникалық практикаға енгізу, диагностика сапасын арттыру және клиницистер мен зертхана мамандары арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы медициналық көмектің тиімділігін жоғарылату бойынша практикалық денсаулық сақтау үшін ұсынымдар әзірлеу.

Конференцияға қатысушылар:

Конференцияға гибриді форматта 2 681 маман қатысты (жоспарланған 400 қатысушыдан 6 есе артық).

Іс-шара гибриді форматта өтті: офлайн – 523 маман, онлайн – 2 158 маман.

Олардың ішінде 13 елден келген 84 шетелдік маман болды (Грузия, Әзербайжан, Қырғызстан, Беларусь, Ресей, Моңғолия, Тәжікстан, Өзбекстан, Абхазия, Сингапур, Түркия, Қытай, Германия).

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

Пленарлық отырыс, зертханалық диагностиканың он екі бағыты бойынша тақырыптық секциялар, пәнаралық сессия, үш спутниктік симпозиум. Іс-шараларға Германия, Түркия, Сингапур, Қытай, Ресей, Беларусь, Қырғызстан елдерінен келген 67 отандық және шетелдік жетекші сарапшы қатысты.

Мамандандырылған көрме:

Көрмеге 15 компания қатысты (Roche, Snibe, Вектор-БЕСТ, ABBOTT, HVD, Геномед, INVITRO, КДЛ ОЛИМП, MediTEC, Молекулалық медицина орталығы, IMED, aberto, micro solutions, KombiMED, Sapa MEDICAL). Әр компания заманауи диагностикалық шешімдерді, перспективалы жабдықтарды және технологиялық әзірлемелерді ұсынды.

Конференцияда белгіленген негізгі тұжырымдар мен мәселелер, сондай-ақ қатысушылар қабылдаған ұсынымдар мен шешімдер

Талқылау нәтижелері бойынша конференция қатысушылары келесіні мойындау туралы қаулы етті:

1. Конференция жоғары технологиялар дәуіріндегі зертханалық медицинаның өзекті мәселелерін талқылау мен тәжірибе алмасуға арналған ауқымды әрі маңызды алаңға айналды.
2. Зертханалық диагностикаға инновациялық технологияларды енгізуге арналған ғылыми зерттеулер мен баяндамалардың жоғары деңгейде ұсынылғанын атап өту.
3. **Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ҰСЫНЫСТАР:**
 - 1) Инвесторлар үшін жекеменшік сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша шараларды күшейту қажеттілігін тану.

(2025 жылы жекеменшік сектор инвестицияларының үлесі мемлекеттік секторға қарағанда айтарлықтай қысқарды — 48/52).

Ел бойынша жұмыс істейтін 1000-нан астам жеке биоматериал қабылдау пункттерінде (БҚП) **телемедицина киосктерін орнату мүмкіндігін қарастыру.**

(БҚП-ларда қазірдің өзінде медициналық инфрақұрылым, стерильдік, электрмен жабдықтау, тұрақты интернет және биоматериалдарды бақылау жүйелері қамтамасыз етілген; пациенттер мұндай пункттерге талдау тапсыру үшін үнемі келеді. Киоск орнату олардың құндылығын арттырып, қашықтан консультациялар мен базалық диагностика қызметтерін қосуға мүмкіндік береді; қажет болған жағдайда пункт қызметкерлері пациенттерге авторизациядан өтуге немесе өлшеулер жасауға көмектесе алады.

Халықаралық тәжірибеде — АҚШ, Үндістан және БАӘ елдерінде — мұндай киосктер көбіне зертханаларда, дәріханаларда және клиникалардың wellness-аймақтарында орналастырылады.)

2) Перинаталдық және нейродегенеративті патологияда зертханалық биомаркерлерді қолдану аясын **кеңейту:**

- неонаталдық скринингке қосымша нозологияларды енгізу (муковисцидоз, галактоземия, адреногениталдық синдром);

- Альцгеймер ауруының маркерлерін енгізу (pTau/Abeta42, tTau/Abeta42).

3) **Урогениталды тракт дисбиоздарын ПТР-диагностикалау әдісін** рутинді практикаға және бактериалды вагиноз бойынша клиникалық хаттамаларға енгізу.

4) **Отандық инвазивті емес пренаталдық тестілеу (ИеПТ) технологияларын дамытуға қолдау көрсету**, бұл зерттеуді жүктілікті жүргізу клиникалық хаттамаларына және медициналық қызметтер тарификаторына енгізу.

5) **Масс-спектрометриялық технологияларды клиникалық практикаға енгізуге жәрдемдесу**, гормондарды, метаболиттерді және витаминдерді ХМС әдісімен зерттеуді клиникалық хаттамаларға енгізу.

6) Қазақстанда **персоналдандырылған зертханалық диагностика бағыттарын дамыту.**

7) **Қазақстан Республикасының заманауи наркологиялық саясатының элементі ретінде жаңа психоактивті заттар (ЖПЗ) туралы ұлттық ерте ескерту жүйесін енгізу қажеттілігін қарастыру.** Бұл жүйе қауіпті заттарды ерте анықтауды, клинико-токсикологиялық деректермен алмасуды және уланудың алдын алу мен халық денсаулығына келетін зиянды азайту бойынша шешімдерге қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

Клиникалық және химия-токсикологиялық зертханалардың жаңа психоактивті заттарды (ЖПЗ) мониторингіне қатысуын кеңейтуді ұсыну, оның ішінде медициналық ұйымдар, наркологиялық қызметтер және зертханалар арасында ақпарат алмасу желісін қалыптастыру. Бұл денсаулық сақтау жүйесінің есірткі тұтынудың жаңа түрлеріне жедел ден қоюға дайындығын арттырады. Зертханалық медицина мен наркология арасындағы ғылыми-тәжірибелік өзара іс-қимылды дамытуға қолдау көрсету:

ЖПЗ токсикологиясы мен эпидемиологиясы бойынша бірлескен зерттеулер жүргізу, интоксикацияларды диагностикалау әдістерін жетілдіру, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық ерте ескерту платформаларына (UNODC EWA, EMCDDA) қатысуын қамтамасыз ету.

ЖПЗ туралы ұлттық ерте ескерту жүйесіне жеке зертханаларды интеграциялау мәселесін қарастыру, сапаның бірыңғай стандарттарын, деректер алмасуды және мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету арқылы.

9) **Қант диабетін диагностикалау және мониторингі үшін HbA1c деңгейін анықтаудың NGSP немесе IFCC сертификатталған, сондай-ақ DCCT референсі бойынша стандартизацияланған әдістерін қолдануды ұсыну.**

10) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығына

«Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» **толықтырулар енгізу:**

Резолюцияға енгізу жөніндегі ұсыныс

№п/п	Мамандықтар	Мамандандырулар
1.	Биологиялық және ілеспе ғылымдар*	Зертхана маманы*

*- педагогикалық мамандықтардан басқа

*- мамандандыру көлемі 900 сағат (40 кредит)

11) **Неонаталдық скринингке** «Бүйрек үсті безі қыртысының туа біткен дисфункциясы» нозологиясын енгізу мәселесін қарастыру.

12) **Аллергодиагностика** саласындағы зертханалық зерттеулер үшін жоғарыспецификалық аналитикалық платформаларды қолдануды және тест-жүйелерді айқас реакцияларға қатысты валидациядан өткізуді ұсыну.

13) **Деректердің салыстырмалылығын** арттыруға бағытталған халықаралық аккредитация бағдарламаларына және сыртқы сапа бағалауына (CAP, CLCI) зертханалардың қатысуын ынталандыру.

14) **Эпидемиологиялық қадағалау** деректерінің дұрыстығын қамтамасыз етудегі негізгі буын ретінде ұлттық және референс-зертханалардың қызметін қолдау.

15) **Қазақстанның Ұлттық тұмау орталығының (ҰТО) ДДСҰ** халықаралық стандарттарын, ВОК бағдарламаларын және геномдық қадағалауды енгізу тәжірибесін тарату.

16) **Инфекциялық қауіпсіздік қатерлеріне** дайындық аясында секвенирлеу, геномдық мониторинг және биоқауіпсіздік бағыттары бойынша зертханалардың әлеуетін нығайту.

17) **Персоналдың құзыреттілігін** бағалауды сыртқы сапаны бағалау жүйесіне зертханалық менеджменттің міндетті элементі ретінде енгізуді қолдау.

18) **Антимикробтық резистенттік** бойынша Референс-зертхананың **тәжірибесін қашықтан сапаны бағалауға** қатысушы зертханалардың құзыреттілігін тексеруді ұйымдастыруда тарату.

19) **Қазақстан Республикасының қан қызметі зертханаларында сыртқы сапаны бағалау (ССБ) бағдарламаларын енгізуді** қолдау және ССБ-ны қан қызметіндегі сапаны басқару жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде тану.

20) **Диагностиканың дәлдігін**, жылдамдығын және персоналдандырылуын арттыру мақсатында жасанды интеллект технологияларын зертханалық практикаға зерделеу және енгізуді ұсыну, сонымен бірге жеке деректерді қорғауды қамтамасыз ету шартын міндетті талап ретінде сақтау.

21) **Зертханалық қызметкерлердің кәсіби білім беру бағдарламаларына жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану** бойынша мамандарды даярлауды енгізу.

22) **Қырғызстанның басым инфекциялық ауруларды зертханалық диагностикалаудың сапасын мемлекеттік бақылау жүйесі тәжірибесін**, оның ішінде сынақ зертханаларының құзыреттілігіне қатысты тұстарын назарға алу. Республикада тестілеуді кеңейту мақсатында АИТВ-ке жедел тестілеу бойынша Қырғызстан тәжірибесін ескеру.

4. Осы резолюцияны мүдделі ведомстволар мен кәсіби қауымдастықтарға жұмыста пайдалану үшін жолдау.

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы

«Қазақстан Медициналық Зертханалары Қауымдастығы»

ЗТБ Президенті



А.Д. Ким